

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
акционерлерінің жалпы жиналысының
шешімімен

(2001 жылдың 17 қаңтарындағы
№ 14 хаттама)

Б е к і т і л д і

"Қазақстан қор биржасы" АҚ корпоративтік басқару КОДЕКСІ

Алматы қ.

2008

Осы Кодекс "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) органдары және Биржаның коллегиялық органдары мүшелерінің (бұдан әрі бірге – корпоративтік қарым-қатынастарға қатысушылар деп аталады), Биржаның корпоративтік басқаруына жататын қызметті жүзеге асырғанда басшылыққа алатын, іскери этика ережелерін анықтайды.

Осы Кодексті әзірлегенде, Эмитенттер кеңесінің шешімімен (2005 жылдың 21 ақпанындағы Эмитенттер кеңесінің бірінші отырысының хаттамасы) мақұлданған және Эмитенттер кеңесінің 2007 жылдың 03 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген, Корпоративтік басқару кодексі пайдаланылған.

1 тарау. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ПРИНЦИПТЕРІ

1 бап. Жалпы қағидалар

1. Осы Кодекстің мақсаттары үшін корпоративтік қарым-қатынастар деп корпоративтік басқару мәселелері бойынша:
 - 1) Биржа органдары арасындағы;
 - 2) Биржаның кез келген коллегиялық органының мүшелері арасындағы;
 - 3) Биржаның коллегиялық органының кез келген мүшесі мен Биржаның басқа да органы арасындағы;
 - 4) Биржаның қандай да бір коллегиялық органының кез келген мүшесі мен Биржаның басқа да коллегиялық органының кез келген мүшесі арасындағы қатынастарды түсіну керек.
2. Биржаның корпоративтік қарым-қатынастарына кез келген қатысушысы осы қарым-қатынастардағы өзінің тәртібін мынадай мақсаттарға бағыттауы тиіс:
 - 1) Биржаның табысты қызметін және нарықтық құнын арттыруды, оның қаржылық тұрақтылығы мен пайдалылығын қамтамасыз ету;
 - 2) Биржаның қазіргі және болашақ акционерлері үшін Биржа акцияларының инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету;
 - 3) Биржа бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары сауда-саттығын ұйымдастырушысы бола тұрып, Биржаның ресми тізімінде енгізілетін және осында тұрған, бағалы қағаздар эмитенттеріне белгілі талаптар, соның ішінде корпоративтік басқаруға талаптар қоятынын ескере отырып, Биржаның акционерлік қоғам ретінде және листингтік компания ретінде (Биржа акцияларының листингі жағдайында) мінсіз жағдайын, қамтамасыз ету;
 - 4) Биржаның қоғамдағы асқан беделін қамтамасыз етіп, Биржаның Қазақстан Республикасы экономикасында бірегейлігін ескеру.
3. Биржаның корпоративтік қарым-қатынастарына кез келген қатысушысы осы қарым-қатынастардағы өзінің тәртібін кәсібилікке, адалдыққа, әділеттілікке, ұқыптылыққа, құзіреттілікке және жауаптылыққа негізделе отырып, құруы тиіс.
4. Биржаның корпоративтік қарым-қатынастарына кез келген қатысушысы осы қарым-қатынастардағы өзінің тәртібін, осы Кодекстің 2-6 баптарында сипатталған ("корпоративтік басқару принциптері") мынадай принциптерге негізделе отыры, құруы тиіс:
 - 1) Биржа акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау;
 - 2) Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының, Биржалық кеңесінің және Биржа Басқармасының Биржаны тиімді басқаруы;
 - 3) Биржа және оның қызметі туралы ақпарат ашудың айқындылығы, уақытылығы және объективтілігі;
 - 4) заңдылық және әдептілік;
 - 5) дивиденділік саясаттың тиімділігі.

5. Осы Кодекстің нормаларын орындау аясы тар мақсатқа айналмауы және Биржаның операциялық қызметіне кедергі болмауы немесе оның қаржылық жағдайына негативті ықпал етпеуі тиіс.

2 бап.

Биржа акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау принципі

1. Биржа акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау принципіне сәйкес:
 - 1) егер осы құқықтары қолданыстағы заңнамамен, келісім-шарттық қарым-қатынастармен немесе Биржа акционерлерінің бір жақты міндеттемелерімен шектелмесе, Биржа акцияларына қатынасты Биржа өз акционерлерінің жеке меншік құқықтары жүзеге асыруына кедергі етпейді;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржа жарғысына сәйкес, өз акционерлерінің:

Биржаға жазбаша сауал жіберіп, осындай сауалдарға мазмұнды жауап алу құқығын;

Биржа акционерлерінің жалпы жиналыстары қатысу және онда дауыс беру құқығын;

Биржа органдарын қалыптастыруға қатысу құқығын;

Биржа акциялары бойынша дивиденділер алу құқығын жүзеге асыруын қамтамасыз етеді;
 - 3) Биржа Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржа жарғысына, осы Кодекске, Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының және Биржалық кеңестің шешімдеріне сәйкес, тиісті Биржа органдарының құзіреттілігіне жататын сұрақтар бойынша шешімдер қабылдауына толымды қатысуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ акционерлерге осы шешімдер қабылданар алдында өз пікірін еркін айтуға мүмкіндік береді;
 - 4) мүдделі тұлғалар, соның ішінде Биржа қызметкерлері, Биржалық кеңеске, олардың пікірі бойынша, Басқарма мүшелерінің және Биржаның құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілерінің заңсыз және әдепсіз әрекеттеріне шағымдануға құқылы;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржа жарғысында белгіленген тәртіпте, Биржа өз акционерлерінің мүддесіне қатысты өз қызметі туралы ақпаратты акционерлердің назарына жеткізеді;
 - 6) Биржа өзінің барлық акционерлеріне теңдей әділетті қарым-қатынасты қамтамасыз етеді.
2. Биржа акционерлері бір біріне Биржа акционерлерінің негізгі құқықтарын сақтау сұрақтары бойынша кеңес беруіге құқылы.
3. Биржа акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау принципін қамтамасыз ету тәртібі мен механизмдер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржа жарғысында белгіленген.

3 бап.

Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының, Биржалық кеңестің және Биржа Басқармасының Биржаны тиімді басқаруы принципі

1. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының, Биржалық кеңестің және Биржа Басқармасының Биржаны тиімді басқаруы принципіне сәйкес:
 - 1) жыл сайын, Биржаның жылдық қаржылық есеп берушілігін және өткен қаржылық жылдағы таза кірісті (пайданы) бөлу тәртібін бекіту мақсатында, Биржа акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы, Биржаның бір акциясына шаққандағы дивиденд көлемін бекіту туралы шешім қабылдау үшін Биржа акционерлерінің жылдық жиналысын шақыртып, өткізеді;

- 2) Биржалық кеңестің сандық құрамын және өкілеттілік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау мақсатында Биржа акционерлерінің жиналыстарын үнемі шақыртып, өткізеді;
 - 3) қажетіне қарай, оңтайлылық, жеделдік және тиімділік жағынан қарағанда, Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыртып, өткізеді.
2. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының Биржаны басқаруы туралы кейбір мәліметтер осы Кодекстің 2 тарауында берілген.
 3. Биржалық кеңестің Биржаны тиімді басқару принципіне сәйкес:
 - 1) Биржалық кеңестің қызметі Биржа акционерлерінің мүдделерін максималды сақтау негізінде қалыптасады да, Биржа қызметінің тиімділігін және оның нарықтың құнын арттыруға бағытталады;
 - 2) Биржалық кеңес Биржа қол жеткізген нәтижелер мен перспективалар, ағымдағы қызметіне объективті мониторинг жүргізу арқылы нақты және ойланған бағалауды жүзеге асырады және, акционерлердің Биржа акцияларына және Биржа активтеріне инвестицияларын сақтау мақсатында, Биржа қызметінің сенімді бақылау жүйесінің қызметі мен қолдауын қамтамасыз етеді;
 - 3) Биржалық кеңес Биржаның түрлі тәуекелдерге шалдыққыштығын тиімді бағалауды қамтамасыз етеді, корпоративтік қарым-қатынастардағы шиеленістерді реттеуге қатысады;
 - 4) Биржалық кеңес Биржа акционерлері алдында өз қызметінің айқындығын қамтамасыз етеді.

4 бап. Биржа және оның қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындылығы, уақытылығы және объективтілігі принципі

1. Биржа және оның қызметі туралы ақпаратты ашу айқындылығының, уақытылығының және объективтілігі принципіне сәйкес, Биржа өзі және өзінің қызметі туралы ақпаратты:
 - 1) акционерлері және қаржы нарығының басқа субъектілері тарабынан Биржаға деген сенімділікті нығайту;
 - 2) Биржаның акцияларын сатып алу және ұстап қалу туралы инвестициялық шешімдер қабылдауда көмек көрсету;
 - 3) Биржаның акционерлерінің жалпы жиналысында және Биржалық кеңестің шешімдер қабылдауы барысында максималды негізділікті қамтамасыз ету;
 - 4) Биржаны басқару айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында ашады.
2. Биржа өз қызметінің негізгі нәтижелері, жоспарлары және перспективалары туралы ақпаратты ашады, сонымен қатар Биржаның жарғысында бекітілген тәртіппен өзінің акционерлерінің сауалдарына уақытында және толық көлемде жауап береді.
3. Биржа өз қызметіндегі елеулі корпоративтік уақиғалар туралы ақпарат ашады, сонымен қатар қызметтік, коммерциялық немесе Биржаның заңмен қорғалатын басқа да құпиясының құпиялылығын қамтамасыз ететін қатал және сенімді механизмдерді пайдаланады.
4. Биржаның қаржылық есептілігін жүргізу және аудиттеу Биржаның акционерлерінің және инвесторларының тарабынан Биржаға деген сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған және:
 - 1) толықтық және нақтылық;
 - 2) объективтілік және тәуелсіздік;
 - 3) кәсібилік және біліктілік;

- 4) жүйелілік және тиімділік принциптеріне негізделеді.
5. Биржа басқармасы Биржа беретін қаржылық ақпараттың толықтығы мен нақтылығы үшін жауапты.
6. Биржа және оның қызметі туралы ақпаратты ашу туралы кейбір мәліметтер осы Кодекстің 17 бабында келтірілген.

5 бап. Зандылық және әдеп принципі

Зандылық және әдеп принципіне сәйкес:

- 1) Биржа қолданыстағы заңнамаға, Биржа жарғысымен және өзінің ішкі құжаттарына, іскери айналым дәстүрлеріне және іскерлік этикаға қатаң сәйкестікте қызмет етеді;
- 2) Биржаның ішкі құжаттары қолданыстағы заңнаманың және іскерлік этика негізінде әзірленеді;
- 3) корпоративтік қарым-қатынастарға қатысушылардың арасындағы қатынастар өзара сенімділік пен сыйластыққа негізделеді.

6 бап. Тиімді дивидендтік саясат ұстанымы

1. Тиімді дивидендтік саясат ұстанымы келесіден тұрады:
 - 1) Биржа өзінің акциялары бойынша дивидендтер есептеу немесе төлеу үшін жағдайдың барлығын немесе жоқтығын анықтау мақсатында өзінің операциялық ісінің шынайы және перспективті жағдайы және Биржаның шынайы және перспективті қаржылық жағдайы туралы туралы тек дәйекті және дәлелді ақпаратты ғана пайдаланады;
 - 2) Биржа өзінің акциялары бойынша дивидендтер мөлшерін анықтау және оларды төлеу механизмінің айқындылығын қамтамасыз етеді.
2. Биржаның дивидендтік саясаты туралы толық мәліметтер осы Кодекстің 19 бабында берілген.

2 Бөлім. БИРЖА АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

7 бап. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысын дайындап, өткізудің жалпы шарттары

Биржа акционерлерінің жалпы жиналысын дайындап, өткізу келесі талаптарға сай болу керек:

- 1) Биржаның барлық акционерлеріне әділетті және тең құқылы қарым-қатынас;
- 2) Биржаның барлық акционерлерінің (Биржаның барлық акционерлері өкілдерінің) жалпы акционерлердің жиналысына қатыса алуы;
- 3) Биржаның акционерлеріне Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына қатысты мейлінше толық ұйымдық және есептік ақпарат беру;
- 4) Биржа акционерлерінің жалпы жиналысын өткізудің қарапайымдылығы және айқындылығы.

8 бап. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына дайындық

1. Биржа акционерлері алдағы жалпы жиналыстың өткізілу тәртібімен және оның күн тәртібіндегі материалдарымен танысу үшін, сондай-ақ өздерінің сұрақтарын дайындап, осы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жеке көзқарастарын қалыптастыру үшін жеткілікті мерзім бұрын хабарландырылуы тиіс.

2. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы өтетіні туралы Биржа өз акционерлеріне өзінің жарғысына сәйкес хабарландыру жасайды; өйтсе де, Биржа өз акционерлерінің жалпы жиналысының өтуі туралы оның барлық акционерлеріне уақытылы хабарландыру жасалуына тырысатындықтан, Биржа:
 - 1) осы хабарландыруды тағы қайталауға;
 - 2) осы хабарландыруды Биржа акционерлеріне жеткізудің қосымша әдістерін пайдалануға құқылы.
3. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелері мейлінше нақты құрылуы тиіс және оларды дұрыс түсінбеу жағдайларын болдырмау қажет.
4. Биржа акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелеріне қатысты материалдар осы мәселелер бойынша жүйеленіп, акционерлерге осы мәселелердің мәні туралы толық түсінік берілуін, оларды қызықтыратын сұрақтарға жауап беруді, осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдануын қамтамасыз етуге тиіс.

Биржа акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен бірге акционерлерге Биржа қызметінің жоспарлары, жетістіктері және проблемалары туралы қосымша мәліметтер, басқа тұлғалардың Биржаның қызметі жайлы аналитикалық зерттеулері мен материалдары берілуі мүмкін.

Биржа акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібіне қандай да бір тұлғаларды, мысалы, Биржалық кеңес мүшелерін сайлау туралы мәселе енгізілген жағдайда, осы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты материалдарда осы сайлауға ұсынылған кандидаттар туралы оларды объективті бағалау үшін қажетті және жеткілікті құрамдағы және көлемдегі ақпарат болуы тиіс.

Сондай-ақ, Биржа акционерлері жалпы жиналысының мәселелеріне қатысты материалдарды жинау барысында ол артық уақыт және еңбек шығынын немесе ақталмайтын шығындар болдырмауы тиіс.

Биржа өз акционерлерін Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелері бойынша материалдармен таныстырудың неғұрлым қарапайым және жеңіл тәртібін қолдануы тиіс.
5. Биржаның барлық акционерлері Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімімен танысуға тиіс. Осы мақсатта Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеушілер осы жиналысқа қатысу үшін келген Биржа акционерлеріне (акционерлердің өкілдеріне) көрсетілген тізімнің көшірмелерін тапсырады, ал егер Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы осындай отырыс жасамай, сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдайтын болса, бұл тізім Биржа акционерлеріне осы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты материалдармен бірге таратылады.
6. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысындағы дауыс беру үдерісі Биржа акционерлері үшін мейлінше қарапайым және ыңғайлы болуы тиіс.
7. Биржа акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелерге өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу бойынша Биржа акционерлерінің құқықтары, сонымен қатар Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ету құқықтары осындай өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізудің немесе жиналысқа шақырудың қажеттілігі айқын негізделген жағдайда оңай іске асырылуы тиіс.

9 бап.

Биржа акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу

1. Осы жиналысқа қатысу үшін келген Биржа акционерлерінің (акционерлердің өкілдерінің) барлығы тіркеліп алулары үшін Биржа акционерлері жалпы жиналысының қатысушыларын тіркеу уақыты жеткілікті болуы қажет.

Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға жиналыс ашылғаннан кейін келген Биржа акционерлері (акционерлердің өкілдері) осы жиналыстың қатысушыларын тіркеу үдерісінен өткеннен кейін ғана осы жиналысқа қатысуға құқылы болады.

2. Биржа акционерлері Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу үшін тең құқылы.

Биржаның акционері Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына жеке өзі қатысып, оның күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге немесе жеке қатыспай-ақ (кез-келген үшінші жақ тұлғасына немесе, мысалы, Биржаның осы акционеріне қызмет көрсететін номиналды ұстаушының өкіліне берілуі мүмкін сенімхат негізінде әрекет ететін өкілі арқылы) дауыс беруге құқылы.

Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты дауыс беру барысында Биржа акционерінің жеке немесе жеке өзі қатыспай берген дауыстарының күштері бірдей.

3. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына осы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыру барысында түсініктемелері қажет болуы мүмкін барлық тұлғалар қатысуы тиіс, ал егер олар негізді себептермен қатыса алмайтын болса – осы тұлғалардың орынбасарлары және/немесе осы тұлғалардың қарауындағы мәселелер бойынша құзыретті тұлғалар.

4. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы Биржаның лауазымды тұлғалары және оның акционерлері (акционерлерінің өкілдері) осы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөйлейтін сөздерінің уақытын анықтайтын өз регламентін бекітуі мүмкін.

Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының регламенті жеткілікті және осы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелерді толық талқылап, оларға қатысты дұрыс шешімдер қабылдауға мүмкіндік беруі тиіс.

5. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының Төрағасы осы жиналысқа қатысатын, Биржа акционерлері (акционерлердің өкілдері) өздерін толғандырған сұрақтарға жауаптарды тікелей жиналыс барысында алуларына тырысуы тиіс. Егер сындай сұрақтарға жедел түрде жауап беру мүмкін болмаса, осы сұрақтарға жауап беретін, тұлғалар Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін қысқа мерзімде оларға жазбаша жауап беруі тиіс.

6. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының қандай да бір тұлғаларды, мысалы Биржалық кеңес мүшелерін, сайлау үдерісі барынша айқын және осындай сайлаудың негізділігінде ешбір күмәнсіз болуы тиіс.

7. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысында дауыстарды жинау және есептеу үдерісі барынша жеңіл әрі айқын болуы тиіс; Биржа акционерлері дауыс беру нәтижелерін қандай да бір бұрмалау мүмкіндігі болмайтынына көздері жетуі тиіс. Бұл мақсатта Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы дауыстарды дұрыс есептеуді бақылау үшін (егер Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы есептеу комиссиясын сайламаса) Биржа акционерлерінің өкілдерін сайлауы мүмкін.

3 тарау. БИРЖАЛЫҚ КЕҢЕС

10 бап.

Биржалық кеңес қызметінің функциялары мен принциптері

1. Биржалық кеңестің негізгі функциялары мен өкілеттіліктері Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 53 бабында

және Биржа жарғысында анықталған, оларға сәйкес Биржалық кеңес, соның ішінде:

- 1) Биржа акционерлерінің құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етуі;
 - 2) Биржаның ағымдағы қызметінің Биржалық кеңестің анықтаған оның қызметінің басым бағыттарына қаншалықты сәйкес келетінен бақылауы;
 - 3) Биржаның түрлі тәуекелдерге шалдыққыштығын анықтауы тиіс және бұл шалдыққыштықты болдырмау немесе минимизациялау мақсатында немесе осы тәуекелдерді бақылау мақсатында шешімдерді қабылдауы;
 - 4) Биржаның ішкі құжаттарына немесе Биржаның жаңа құжаттарына өзгертулер мен толықтыруларды әзірлеуге бастамашы болуы;
 - 5) Биржа Басқармасы әзірлеген Биржаның ішкі құжаттарына немесе Биржаның жаңа құжаттарына өзгертулер мен толықтыруларды бағалауы және оң баға берілген жағдайда, оларды бекітуі;
 - 6) Биржа Басқармасы әзірлеген оның кірістері мен шығындарының сметасын, сондай-ақ Биржа кірістері мен шығындары сметаларының орындалуы туралы есептерді бағалауы және оң баға берілген жағдайда, оларды бекітуі;
 - 7) Биржа Басқармасы қызметінің тиімділігін бағалауы және Биржа Басқармасы мүшелеріне сыйақы төлеу шарттарын және мөлшерін анықтауы тиіс.
2. Биржалық кеңес өз қызметінде:
- 1) Биржа үшін тұрақтылық және алдын ала болжамдылық, оның қызметіне біркелкілік атмосферасын қалыптастыру;
 - 2) Биржа Басқармасымен конструктивті өзара байланысты қамтамасыз ету;
 - 3) Биржа акционерлерінің мүдделері, Биржаның коммерциялық мүдделері және оның қызметкерлерінің жеке мүдделері арасында дұрыс компромисты қамтамасыз ету сияқты мақсаттарға жетуге тырысуы тиіс.
3. Биржалық кеңес мүшелері Биржа акционерлері (Биржа акционерлері мүдделерінің өкілдері) ретінде сайлаған, тұлғалар Биржалық кеңес мүшелерінің функциялары мен өкілеттіліктерін жүзеге асыру барысында өздерін Биржа акционерлерінің жеке акционерлерінің немесе олардың топтарының мүдделерін білдірушісі ретінде әрекет етпеуі тиіс.
- Биржалық кеңес өз қызметін мінсіз іскери және моральдық беделі бар, Қазақстан Республикасы қаржы нарығының ең кәсіби, адал әрі әділ өкілдерінің шоғырланған ұйымы ретінде жүзеге асыруы тиіс.
4. Биржалық кеңес өз қызметін жүзеге асыруда өзін Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына, Биржа Басқармасына және оның Президентіне қарсы қоймауы тиіс және осындай қарсы қоюшылықтың белгісі ретінде танылатын, қандай да бір әрекеттерді жасамауы тиіс.
 5. Биржалық кеңес өз қызметінде Биржа қызметкерлерінің арасында өз беделін:
 - 1) жағымсыз сыртқы факторлардан Биржаны қорғау шегі (Биржа акционерлерінің мүдделері, Биржаның коммерциялық мүдделері және оның қызметкерлерінің жеке мүдделері арасындағы мүмкін болатын айырмашылықтарды ескеріп);

- 2) Биржа Басқармасы мүшелерінің арасындағы немесе Биржаның барлық немесе жекелеген қызметкерлері және оның Басқармасы мүшелерінің арасындағы дауларды тиімді реттеуге (егер Биржа Басқармасы осындай дауды реттей алмаған жағдайда немесе оны реттеуден тартынған жағдайда) қабілетті орган ретінде қалыптастырып, сақтауы тиіс.
6. Биржалық кеңес пен оның жекелеген мүшелерінің қызметін бағалауды Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы жүзеге асырады, ол осы мақсаттарда Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 55 бабына және Биржа жарғысына сәйкес:
 - 1) қандай да бір тұлғаны Биржалық кеңес мүшесі ретінде шексіз сан мәрте сайлауға құқылы;
 - 2) Биржалық кеңестің барлық мүшелерінің немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы;
 - 3) Биржалық кеңес мүшелеріне сыйақы төлеу шарттары мен мөлшерін анықтау сияқты әсер ету негіздерін қолдануға құқылы.
7. Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес Биржалық кеңес мүшелеріне сыйақы төлемінің мөлшері мен құрамы туралы ақпарат Биржа акционерлерінің жалпы жиналысында жариялануы тиіс.

11 бап.

Биржалық кеңесті қалыптастыру

1. Биржалық кеңеске сайлауға ұсынылатын тұлға:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында бағалы қағаздардың және тағы басқа қаржы құралдарының сауда-саттықтарын ұйымдастырушыларының басшылық қызметкерлеріне қатысты белгілеген, талаптарға сәйкес болуы тиіс;
 - 2) Биржалық жарғыда белгіленген, талаптарға сәйкес болуы тиіс.
2. Биржаның кез келген акционері Биржалық кеңес мүшелігіне кандидаттарды, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның жарғысында белгіленген, нормалардың сақталуы шартымен, ұсынуға құқылы.

Биржа акционері Биржалық кеңеске, соның ішінде Биржаның тәуелсіз директорларын сайлау үшін, бірнеше кандидатты ұсынуға құқылы.

Биржа акционерлері Биржалық кеңес мүшелігіне кандидаттарды ұсыну мақсатында бірігуге құқылы.

Биржалық кеңес мүшелігіне кандидатты ұсынғанда Биржа акционері осы кандидат Биржаның акционері ретінде немесе (қандай да бір акционер (акционерлер) мүддесінің өкілі) немесе Биржаның тәуелсіз директоры ретінде ұсынылып отырғанын көрсетуі тиіс.

Биржалық кеңес мүшелерінің кандидатураларын анықтау кезінде Биржа акционерлері осы Кодекстің 10 бабы 3 тармағында белгіленген, нормаларды ескеруі тиіс.
3. Қызметтегі Биржалық кеңес құрамы, Биржа акционерлері Биржалық кеңес мүшелігіне ұсынған кандидаттардың қатарынан, өз пікірінше, Биржалық кеңестің оңтайлы болып табылатын, жаңа сандық және персоналдық құрамын Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына ұсынуға құқылы, сондай-ақ бұл мақсаттарда Биржалық кеңестің қызметтегі құрамы мүшелерінен және басқа тұлғалардан Номинациялық комитет құруға құқылы, осы комитеттің міндеттері Биржалық кеңестің жаңа құрамын қалыптастыру бойынша Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

Биржалық кеңес мүшесінің өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Биржалық кеңес (Биржалық кеңестің Коминациялық комитеті) Биржалық кеңестің жаңа мүшесін сайлау үшін кандидатты (кандидаттарды) Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына ұсынуға құқылы.

Биржалық кеңес мүшелерін сайлау барысында Биржа акционерлері Биржалық кеңестің (Биржалық кеңес Номинациялық комитетінің) ұсыныстарын ескеруге, қабылдамауға немесе олардан бас тартуға құқылы.

4. Қазақстан Республикасының Заңнамасында және Биржа жарғысында белгілі бір тұлғалар үшін Биржалық кеңесте мүше болу міндеттемесі белгіленуі мүмкін. Бұл жағдайда осы тұлғаларды Биржалық кеңес мүшесі ретінде сайлау бойынша дауыс беру өткізілмейді.
5. Биржалық кеңес құрамында Биржаның тәуелсіз директорларының болуын қамтамасыз ету үшін (Қазақстан Республикасы заңнамасының Биржаның тәуелсіз директорларының болу туралы талаптарының орындау мақсатында және Биржаның тәуелсіз директоры Биржалық кеңесте Биржаның барлық акционерлерінің, әсіресе, мүдделерін қарастыратын өкілдері Биржалық кеңеске сайланбаған, акционерлердің құқықтары мен мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуі тиіс деген пікірді ескеріп) Биржаның тәуелсіз директорларын сайлау бойынша Биржа акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру Биржалық кеңестің қалған мүшелерін сайлау бойынша дауыс беруден жеке өткізіледі.
6. Биржалық кеңес мүшелерін сайлауда Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы жаңадан сайланған Биржалық кеңес мүшелерінің оның қызметіне тұрақты әрі белсенді қатысымын қамтамасыз етуге тырмысу керек. Бұл мақсаттарда Биржа Басқармасы Биржа мүшелерінің Биржа қызметіне қатысуы туралы статистикалық мәліметтерді Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына ұсынады, ал Биржа акционерлері Биржалық кеңес мүшелерін сайлау бойынша дауыс беру кезінде осы мәліметтерді ескеруі тиіс.
7. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы Биржалық кеңестің қандай да бір құрылымын, мысалы, Биржа акционерлерінің белгілі бір топтарының мүдделері өкілдерінің Биржалық кеңестегі санының тепе-теңдігін анықтауға құқылы. Бұл жағдайда Биржалық кеңес мүшелерін сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беруге арналған бюллетеньдерде кандидаттардың Биржалық кеңеске немесе қай құрылымдық топқа жататыны көрсетілуі тиіс, ал түрлі құрылымдық топтарға жататын, Биржалық кеңес мүшелерін сайлау бойынша дауыс беру бөлек өткізілуі мүмкін.
8. Биржалық кеңес мүшелерін сайлауда Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы, әдеттегідей, Биржалық кеңес құрамында Биржа акционерлері түрлі топтарының барынша көп санының мүдделер өкілдерінің болуын қамтамасыз етуге талпынуы керек, ал Биржалық кеңестегі Биржа акционерлерінің бірнеше тобы өкілдігінің пайдасына дәлелдер тең түссе, Биржаның тәуелсіз директорларын таңдауды жақтауы тиіс (Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 54 бабының 3 тармағында белгіленген, шектеулерді қосқанда).
9. Биржалық кеңес мүшелерін сайлау процедурасының айқындылығын және түсініктілігін қамтамасыз ету мақсатында Биржа акционерлері жалпы жиналысының хатшысы (егер де тек Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы есептік комиссияны сайламаса) жиналыста осындай сайлау алдында аталған процедура бойынша түсініктемелермен баяндама жасайды.
10. Қазақстан Республикасы заңнамасында, Биржа жарғысында және осы Кодексте реттелмеген, Биржалық кеңесті қалыптастыру мәселелері Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес шешілуі тиіс.

12 бап.

Биржалық кеңес қызметін ұйымдастыру

1. Биржалық кеңес қызметінің тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржа жарғысында, оның ішкі құжаттарында мен Биржа акционерлері мен Биржалық кеңестің жалпы жиналысы шешімдерінде белгіленеді.
2. Биржалық кеңес өз отырыстарында да, сырттай дауыс беру арқылы да шешімдерді қабылдауға құқылы.

Биржалық кеңестің шешімдер қабылдауының нақты тәсілін таңдауды Биржа Басқармасы оның рационалдылығына, жылдамдылығына және тиімділігіне қарай, сұрақтарды көзбе-көз талқылау қажеттілігінің болуын немесе болмауын ескере отырып, жүзеге асырады. Биржалық кеңес отырысын өткізу оның қызметінің ең тиімді формасы деп танылады және Биржа жарғысымен, оның ішкі құжаттарымен немесе Биржа акционерлері мен Биржалық кеңестің жалпы отырысының шешімдерімен сырттай дауыс беру арқылы шешілуге тыйым салынған, сұрақтарды қарастыруда міндетті болып табылады.
3. Биржалық кеңес мүшелері Биржалық кеңес отырысындағы өзінің қатысымына байланысты мынадай принциптерді басшылыққа алулары тиіс:
 - 1) Биржалық кеңес отырысына максималды дәрежеде жеке қатысу;
 - 2) Биржалық кеңес отырысына қатысуы мүмкін болмаған жағдайда Биржалық кеңес отырысына қатысу құқығына сенімхат беру;
 - 3) әдеттегідей, аталған сенімхатты Биржалық кеңестің басқа мүшесінің атына беру;
 - 4) Биржалық кеңестің бір мүшесіне аталған сенімхаттың ең көбі екі данасы берілуі тиіс.
4. Биржалық кеңес мүшесі Биржалық кеңеске келе алмаған жағдайда, оның осы отырысқа жеке қатысуы байланыстың техникалық құралдарын қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.
5. Егер өзгесі Биржа жарғысында, оның ішкі құжаттарында немесе Биржа акционерлерінің және Биржалық кеңесінің жалпы жиналысы шешімдерінде қарастырылмаса, Биржалық кеңестің бір мүшесі немесе Биржалық кеңестің бірнеше мүшесі (бірақ Биржалық кеңес мүшелерінің жалпы санынан ең көбі 30 %) Биржалық кеңестің отырысына жеке қатыса алмаған жағдайда, Биржалық кеңес жұмысының екі формасы да қолданылады. Бұл жағдайда Биржалық кеңестің отырысқа қатыспаған мүшесі Биржалық кеңестің талқысына шығарылған, мәселелер бойынша өзінің жеке пікірін жазбаша түрде Биржаның корпоративтік хатшысына ұсынуы тиіс.
6. Номинациялық комитет пен Биржаның ішкі аудиті қызметінен басқа Биржалық кеңес өзінің мынадай комитеттерін құруға құқылы:
 - 1) стратегиялық жоспарлау жөніндегі;
 - 2) кадрлар және сыйақы жөніндегі;
 - 3) әлеуметтік мәселелер жөніндегі;
 - 4) әдеп жөніндегі;
 - 5) Биржалық кеңестің шешімдеріне сәйкес басқа мәселелер жөнінде.
7. Биржалық кеңестің әдеп жөніндегі комитеті Биржа қызметіндегі әдеп ережелерін әзірлеп, орындау үшін құрылады. Осындай ережелердің негізгі нормалары Биржаның әлеуметтік жауапкершілігіне және іскери әдебіне жататын, нормалар болып табылады.
8. Биржаның ағымдағы қызметін тексеру мақсатында Биржалық кеңес мүшелері басқа органдармен және Биржаның басқа қызметкерлерімен байланысты орнатып, сақтауға құқылы.

9. Биржалық кеңес Биржалық кеңес мүшелеріне қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын, Биржа және оның қызметі туралы ақпаратты жариялауға болмайтын мерзімді белгілеуге құқылы.

4 тарау. БИРЖА БАСҚАРМАСЫ

13 бап.

Биржа Басқармасының функциялары мен принциптері

1. Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 59 бабының 1 тармағына және Биржа жарғысына сәйкес оны Басқармасы:
 - 1) Қазақстан Республикасы заңнамасында және Биржаның жарғысында Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының, Биржалық кеңестің және Биржа Президентінің ерекше құзыреттілігіне жатқызылмаған, Биржа қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдерді қабылдауға құқылы;
 - 2) Биржаның ішкі құжаттарында Биржа Басқармасының құзыреттілігіне жатқызылған, мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауға құқылы;
 - 3) Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының және Биржалық кеңес шешімдерін орындайды.
2. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген, Биржа Басқармасы функциялары мен өкілдерінің негізгілері:
 - 1) қолданыстағы заңнама мен Биржаның ішкі құжаттарындағы нормалардың сақталуын ұйымдастыру;
 - 2) Биржаның ішкі құжаттарының актуалдылығын бақылау және оларға немесе Биржаның жаңа ішкі құжаттарына қажетті өзгертулер мен толықтыруларды әзірлеу.
3. Биржа Басқармасы өз қызметінде:
 - 1) Биржаның тұрақтылығын қамтамасыз ету және операциялық қызметін кеңейту;
 - 2) Биржаның қаржылық жағдайын тұрақтандыру және жақсартуды қамтамасыз ету;
 - 3) Биржаның іскери және қоғамдық репутациясын сақтауды және арттыруды қамтамасыз ету.
4. Биржа басқармасы өз қызметін Биржа акционерлерінің құқықтарын бұзбайтындай етіп жүзеге асыруы тиіс және, мүмкіндігінше, олардың мүдделерін Биржаның коммерциялық мүдделерімен және оның қызметкерлерінің жеке мүдделерімен максималды дәрежеде үйлестіруге міндетті.

14 бап.

Биржа Басқармасын қалыптастыру

1. Биржа Басқармасының мүшесі болып тағайындалатын тұлға:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында бағалы қағаздармен және басқа қаржылық құралдармен сауда-саттықтарды ұйымдастырушы басшылық қызметкерлерге қатысты белгіленген, талаптарға сәйкес келуі тиіс;
 - 2) Қазақстан Республикасының қаржы нарығында жағымды атағы бар және Биржалық кеңестің көпшілік мүшелерінің сеніміне ие болуы тиіс;
 - 3) осы баптың 2-3 тармақтарында белгіленген, шарттарға барынша сәйкес болуы тиіс.
2. Биржа Басқармасының мүшесі лауазымына, әдетте, басшылық қызмет атқару тәжірибесі бар қаржылық нарық саласындағы кәсіби мамандар тартылады.

3. Биржа Басқармасының мүшелерінің сайлауы үшін кандидаттарды, әдетте, Биржа Президенті Биржалық кеңеске ұсынады.
4. Биржа Басқармасының мүшесін сайлауда Биржалық кеңес өз таңдауының айқындылығын әрі дәлелділігін қамтамасыз етуі тиіс.
5. Қазақстан Республикасы заңнамасында, Биржаның жарғысында және осы Кодексте реттелмеген, Биржа Басқармасын қалыптастыру мәселелері Биржалық кеңес шешімдеріне сәйкес шешілуі тиіс.

5 тарау. БАСҚА ҚАҒИДАЛАР

15 бап.

Биржаның корпоративтік хатшысы

1. Биржаның органдарының және лауазымды тұлғаларының, Биржа акционерлерінің құқықтары мен мүдделерінің қамсыздандырылуына бағытталған, процедураларды қатаң сақтауы, сондай-ақ Биржаның қолданылатын заңнамаға, Биржа жарғысына және оның басқа ішкі құжаттарына сәйкес қызмет етуі Биржалық кеңес тағайындайтын және оған есеп беретін, Биржаның корпоративтік хатшысы институтының болуымен қамтамасыз етіледі.
2. Биржаның корпоративтік хатшысының функциялары Қазақстан Республикасы "Акционерлік қоғамдар" заңының 1 бабы 6-3) тармақшасында анықталады.
3. Биржаның корпоративтік хатшысының құзыреттілігі және қызметінің жүзеге асырылу тәртібі оның функцияларында, сондай-ақ қолданылатын заңнамаларда, Биржа жарғысында, оның ішкі құжаттарында, Биржа акционерлері мен Биржалық кеңестің жалпы жиналысының шешімдерінде анықталады; сонымен қатар, Биржаның корпоративтік хатшысы:
 - 1) Биржа акционерлерімен корпоративтік басқару мәселелері бойынша қатынасхаттарды жүргізеді (Биржа атынан қол қою құқығынсыз);
 - 2) Биржа акционерлерінің Биржаның және оның лауазымды тұлғаларының қызметіне жолдауларын Биржа органдарының тиісті түрде қарастыруын қамтамасыз етеді;
 - 3) Акционерлердің Биржаның және оның лауазымды тұлғаларының қызметіне жолдауларына жауаптар дайындайды;
 - 4) корпоративтік қатынастарды туындаған дауларды реттеуге қатысуға тартылуы мүмкін.

16 бап.

Биржа қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғалар

1. Биржаның елеулі корпоративтік оқиғаларына оның қызметіне маңызды өзгерістерге әкелетін, оқиғалар жатады, мысалы:
 - 1) Биржаның басқа заңды тұлғаның акцияларының жалпы санынан 10 және одан көп пайыз акцияларын сатып алуы (жарғылық капиталындағы үлесімен);
 - 2) Биржаның жеке капиталының мөлшерінен 10 және одан көп пайызды құрайтын, өлшемге Биржа міндеттемелерінің артуы;
 - 3) ірі мәмілені жасауы;
 - 4) Биржаның қайта құрылымдалуы;
 - 5) Биржаның жойылуы.
2. Биржа қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғалар оның акционерлерінің мүддесіне тікелей қатысты болғандықтан, осындай оқиғаларға әкелетін, шешімдер Биржа акционерлерінің жалпы жиналысында және Биржалық кеңеспен құзыреттілігі шеңберінде қабылдануы тиіс (осы тармақтың екінші абзацында белгіленген, айырықшалықты қоспағанда).

Биржа қызметіне күтпеген елеулі корпоративтік оқиғаны тудыратын және Биржа акционерлері мен Биржалық кеңестің жалпы жиналысының қажетті шешімін әзірлеуге және жүзеге асыруға уақыт қалдырмайтын, шұғыл конъюктуралық өзгерістер жағдайында Биржа Басқармасы Биржа акционерлері мен Биржалық кеңестің жалпы жиналысының ерекше құзыреттілігін бұза отырып, осындай өзгерістерге шұғыл адекваттық реакция шеңберінде шара қолдануға, сонымен бірге Биржалық кеңестің төтенше отырысын шақыруға құқылы.

3. Биржа қызметінде елеулі корпоративтік оқиғаға қатысты, Биржа акционерлерінің немесе Биржалық кеңестің жалпы жиналысының шешімін әзірлеу және жүзеге асыру кезінде Биржа Басқармасы және Биржалық кеңес осы шешім жобасының ашық және жан-жақты талқылануын қамтамасыз етіп, оның жүзеге асырылуының айқын және түсінікті механизмін мен процедурасын орнату тиіс (осындай ашықтықтың, жан-жақтылықтың, айқындылықтың және түсініктіліктің Биржадағы ақпаратқа сәйкес мүмкіндігіне және осы шешімге қатысты Биржаның коммерциялық мүддесімен үйлесуі мүмкіндігіне қарай).
4. Осы баптың 3 тармағында белгіленген, талаптар шеңберінде Биржа Басқармасы мен Биржалық кеңес:
 - 1) Биржа қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғаларға алдын ала баға беріп, мақұлдауға;
 - 2) Биржа қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғаларды жүзеге асыру механизмдері мен процедураларды анықтауға;
 - 3) Биржа қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғалардың терең сараптамасына және талқылануына ерекше назар аударуы тиіс.
5. Биржа Басқармасы және Биржалық кеңес Биржаның қайта құрылымдалуы немесе жойылуы туралы мәселе бойынша Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының шешімін, Биржа қызметіндегі осындай елеулі корпоративтік оқиғаның кері қайтарылмайтындығына немесе күрделі қайтарылымына байланысты, ерекше мұқият әзірлеуі тиіс.

17 бап.

Биржа және оның қызметі туралы ақпаратты ашу

1. Биржа және оның қызметі туралы ақпаратқа қатысты Биржа осындай ақпаратты көпшілік (ашық) және бейкөпшілік (жабық) деп екіге бөлуді ұстанады.
2. Биржа және оның қызметі туралы көпшілік ақпарат мынадай:
 - 1) Биржаның заң тұлға ретіндегі ақпараты, мысалы оның орналасқан жері және байланыс деректемелері, Биржалық кеңес пен Биржа Басқармасының құрамы, Биржа жарғысы және оған енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;
 - 2) Биржаның акционерлік қоғам ретіндегі жалпы ақпараты, мысалы Биржа акцияларының шығарылым аңдатпасы және оған оған енгізілген өзгертулер мен толықтырулар, Биржа акцияларын орналастыру туралы есептер;
 - 3) Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңына сәйкес:

бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымға жататын;

Биржа акционерлерінің мүддесіне қатысты;

Биржа акционерлеріне ұсынылуы тиіс ақпарат деп мойындалған, Биржа және оның қызметі туралы басқа ақпарат;

- 4) Биржа қызметіне қатысты, құжаттардағы ақпарат (Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 80 бабында анықталғандай құжаттар);
 - 5) Биржаның ішкі құжаттарындағы ақпарат (Биржа қызметін ұйымдастыру мақсатында Биржа Басқармасы қабылдайтын, Биржаның ішкі құжаттарындағы ақпаратты қоспағанда);
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес Биржа мүшелерінен, Биржа өткізген саудасаттықтарда айналысқа (Биржадағы айналысқа) жіберілген, бағалы қағаздар эмитенттерінен, және басқа тұлғалардан Биржаның алған, және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына және Биржа жасаған келісім-шарттарға сәйкес таратылуы тиіс, сондай-ақ Биржадағы айналысқа жіберілген, эмитенттерге қатысты басқа ақпарат;
 - 7) Биржаның қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметі барысында Биржа басқаратын және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес таратылуы тиіс басқа ақпарат.
3. Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржа жарғысына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес Биржа және оның қызметі туралы көпшілік ақпаратты ашу:
- 1) осы ақпаратқа қол жетімділік еркін әрі ауырпалық салмайтындай;
 - 2) мұндай ашу Биржаның қосымша капиталды тартуына, Биржаның жоғары іскери және қоғамдық репутациясының қалыптасуына ықпал ететін, Биржаның акционерлік қоғам ретіндегі жағымды имиджін жасауды қамтамасыз ететіндей;
 - 3) мұндай Биржаның бағалы қағаздармен және басқа қаржылық құралдармен сауда-саттықты ұйымдастырушы ретіндегі Биржаның ресми тізіміне енгізілетін және осы тізімде тұрған, бағалы қағаздар эмитенттеріне қоятын, ақпаратты ашу бойынша Биржаның жеке талаптарына толық сәйкес келетіндей етіп жүзеге асырылуы тиіс.
4. Осы баптың 2 тармағына сәйкес көпшілік деп танылмаған, Биржа және оның қызметі туралы кез келген басқа ақпарат бейкөпшілік болып табылады.
- Бұған қоса, осы баптың 2 тармағында келтірілген, белгілерге сәйкес келгенімен, бірақ мемлекеттік құпияны құрайтын, Биржаның және басқа тұлғалардың қызметтік немесе коммерциялық құпиясын құрайтын, деректері бар, Биржа және оның қызметі туралы ақпарат бейкөпшілік болып табылады.
5. Биржа, мысалы:
- 1) қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, Биржа және оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
 - 2) қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, ақпаратқа қол жетімділігі бар, Биржа қызметкерлерінің тізімін анықтайды;
 - 3) Биржа қызметкерлеріне олардың Биржадағы өз еңбек қызметтерін жүзеге асыру кезеңінде және осы қызметті тоқтатқаннан кейін белгілі бір уақыт аралығында Биржа және оның қызметі туралы бейкөпшілік ақпаратты таратпау жөнінде міндеттемелерді жүктеу сияқты шараларды қолдана отырып, өзі және өзінің қызметі туралы бейкөпшілік ақпараттың қорғалуын және сақталуын қамтамасыз етеді.

18 бап. Биржа қызметін бақылау

1. Биржалық кеңес өз қарауымен әркезде Биржаның кез келген қызметі туралы есепті талап етуге құқылы, ал Басқарма немесе Биржа Президенті оны ұсынуға міндетті.
2. Биржа қызметін бақылау мақсатында Биржалық кеңес:
 - 1) қандай да бір мәселе бойынша Биржа қызметін тексеруді өз мүшесіне тапсыруға;
 - 2) қандай да бір мәселе бойынша Биржа қызметін тексеру үшін өз мүшелерінен және басқа тұлғалардан құралған уақытша комиссияны құруға;
 - 3) Биржаның тұрақты жұмыс істейтін Ішкі аудит қызметін құруға;
 - 4) Биржа есебінен аудиторлық ұйымды жалдауға құқылы.
3. Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 61 бабы 2 тармағына сәйкес Биржаның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Биржалық кеңес немесе Биржа Басқармасының құрамына сайлана алмайды, бұл Биржалық кеңес немесе Биржа Басқармасының мүшелері Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен тағайындалмайтынын бірдей дәрежеде білдіреді.
4. Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 61 бабы 3 тармағына және 53 бабының 2 тармағына сәйкес:
 - 1) Биржаның Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін Биржалық кеңес анықтайды;
 - 2) Биржалық кеңес Биржаның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері еңбегінің және сыйақы төлемінің мөлшері мен шарттарын анықтайды;
 - 3) Биржаның Ішкі аудит қызметі Биржалық кеңеске бағынады және өз қызметі туралы оның алдында есеп береді.
5. Биржа қызметкерлері, соның ішінде Биржа Басқармасының мүшелері, осы баптың 2 тармағына сәйкес, Биржа қызметін тексеруді жүзеге асырушы, тұлғаларға осындай тексеруді жүзеге асыруда барынша жәрдемдесуге және оларға қажетті ақпаратпен, түсініктемелермен және комментарийлермен қамтамасыз етуге міндетті.
6. Осы баптың 1 және 2 тармақтарына сәйкес жүзеге асырылатын, Биржа қызметінің кез келген тексерісі:
 - 1) қолданыстағы заңнаманы, Биржаның ішкі құжаттарын, Биржак акционерлерінің және Биржалық кеңестің жалпы жиналысын және Биржаның біржақты міндеттемелерін бұзумен ілес болмайтындай;
 - 2) Биржаның операциялық қызметіне кедергі келтірмейтіндей және өзімен бірге және өзінен кейін оның қыржылық жағдайына шығын келтірмейтіндей;
 - 3) Биржаның ар-намысына, абыройына, іскери және қоғамдық атағына залал келтіруді болдырмайтындай;
 - 4) Биржа Басқармасының және Президентінің оны басқарудағы құзыреттілін бұзбайтындай;
 - 5) осы тексерістің себепсіз ұзаққа созылуына жол бермейтіндей болып жүзеге асырылуы тиіс.
7. Биржа бағалы қағаздармен және басқа да қаржылық құралдармен саудасаттықтың ұйымдастырушысы болып табылатындықтан әрі Биржаның ресми тізіміне енгізілетін және осы тізімдегі бағалы қағаздардың эмитенттеріне аудит бойынша талаптар қоятындықтан, Биржаның өзінің

аудитін, тек аталған талаптарға сәйкес келетін, аудиторлық ұйымдар жүзеге асыруы тиіс.

8. Биржа қызметінің тексерісінің (тексерістерінің) нәтижелері туралы сұрақты Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізу кезінде осы нәтижелер аталған жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар ретінде Биржа акционерлеріне ұсынылуы тиіс немесе осы жиналыста жариялануы тиіс.

19 бап.

Биржаның дивидендтік саясаты

1. Биржаның дивидендтік саясаты, әдеттегідей, оның акционерлеріне өткен қаржы жылына Биржаның таза кірісінің (табысының) бөлігін оның акцияларының инвестициялық тартымдылығын көрсету мақсатында осы акциялар бойынша дивиденд түрінде жыл сайын төлеуді қарастырады, егер тек:
 - 1) Биржа акциялары бойынша дивидендтерді төлеуге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тыйым салынбаса;
 - 2) Биржа акционерлерінің жалпы жиналысында өткен қаржы жылына өзінің акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдаса.
2. Биржаның бір акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері оның акционерлерінің жалпы жиналысында бекітіледі. Бұл ретте Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы осы мөлшерді Биржалық кеңестің ұсынған мөлшерінен артық белгілей алмайды.
3. Биржаның жалпы жиналысы Биржа акциялары бойынша дивидендтерді төлеу үшін қолданылуы тиіс, әрбір өткен қаржы жылына Биржаның таза кірісінің (табысының) минималды немесе тиянақталған үлесін белгілеуге құқықылы.
4. Биржа акциялары бойынша дивидендтерді төлеу үшін қолданылуы тиіс, өткен қаржы жылына Биржаның таза кірісінің (табысының) үлесін анықтау үшін аудиторлық есеппен расталған, аталмыш жылғы Биржаның жылдық қаржылық есеп беруіне қарай Биржаның таза кірісінің (табысының) көрсеткіші қолданылады.
5. Биржа акциялары бойынша дивидендтер ақшалай беріледі, егер де тек, Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы:
 - 1) Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдару туралы" заңына сәйкес артықшылықты акциялар бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге тыйым салынғанын;
 - 2) Биржаның жай акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер Биржа акциялары бойынша дивидендтерді алуға құқығы бар, осы бағалы қағаздармен дивидендтерді алуға жазбаша келісімін Биржаға ұсынған, тұлғаларға төленетінін ескере отырып, өз акционерлеріне осы дивидендтерді алудың формасын таңдау – ақшалай немесе бағалы қағаздармен (акциялармен немесе облигациялармен) алу құқығын беру туралы шешім қабылдамаған жағдайда.
6. Биржа акционерлері жалпы жиналысының оның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімі Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдару туралы" заңында белгіленген, мерзімде және құрамда www.jsc.kz Интернет-сайтында жарияланады.
7. Биржа акциялары бойынша дивидендтер Биржа тарапынан:
 - 1) Биржа акциялары бойынша дивидендтерді алуға құқығы бар, барлық тұлғалардың осы дивидендтерді алғандай;
 - 2) осы дивидендтерді аталған тұлғалар барынша дәл әрі жеңіл алғандай;

- 3) аталған тұлғалардың осы дивидендтерді күрделі әрі ауыртпалықпен алмағанындай етіп, өздігінен немесе төлем агентінің қызметін қолдана отырып төленеді.
8. Биржа өз акциялары бойынша дивидендтерді толықтай әрі уақыты төлемеу жағдайларын болдырмауға тырысуы керек, ал осындай жағдай туындағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиесілі өсімақы төлеумен туындаға жағдайда барынша жылдам әрі тиімді реттеуге тырысуы керек.
9. Биржа акциялары бойынша дивидендтерді аударуға және төлеуге қатысты, нормалар Биржалық кеңеспен бекітілетін және www.jsc.kz Интернет-сайтында жариялануы тиіс, Биржаның жеке құжатында ("Дивидендтік саясат туралы қағида") белгіленуі мүмкін.

20 бап.

Корпоративтік қарым-қатынастардағы дауларды реттеу

1. Корпоративтік қарым-қатынастарда (корпоративтік даулар) даулар туындаған жағдайда Биржа бұл реттеуді:
 - 1) қолданыстағы заңнамаға, Биржа жарғысына, оның ішкі құжаттарына, Биржа акционерлері жалпы жиналысының және Биржалық кеңестің шешімдеріне, іскери айналым дәстүріне, іскери әдепке, логикаға және дұрыс мағынаға негізделгендей;
 - 2) қолданыстағы заңнаманы, Биржа жарғысын, оның ішкі құжаттарын, Биржа акционерлері жалпы жиналысының және Биржалық кеңестің шешімдерін, іскери айналым дәстүрін, іскери әдепті, логиканы және дұрыс мағынаны бұзумен ілеспейтіндей;
 - 3) Биржаның операциялық қызметіне кедергі келтірмейтіндей және оның қаржылық жағдайына залал келтірмейтіндей;
 - 4) Биржаның ар-намысына, абыройына, іскери және қоғамдық атағына залал келтірмейтіндей;
 - 5) корпоративтік даулардың барлық қатысушыларының мүддесін максималды дәрежеде қарастыратындай етіп реттеуге тырысуы керек.
2. Корпоративтік қарым-қатынастың қатысушылары, әдеттегідей, корпоративтік дауларды осы баптың 3-6 тармақтарына сәйкес келіссөз жүргізу арқылы реттеуге тырысулары керек және тек осындай реттеушіліктің мүмкін болмауы жағдайында ол сот арқылы қарастыруы керек.
3. Корпоративтік даулардың қатысушылары дауларды келіссөзде арқылы реттеуге келіскен жағдайда, қатысушыларының деңгейіне, сипатына және мүмкін даулар мүдделерінің болуына қарай осы даулар Биржа Президенті, Биржа Басқармасы, Биржалық кеңес немесе Биржа акционерлерінің жалпы жинасы тарапынан реттелуі тиіс (осы баптың 6 тармағында белгіленген, ерекшеліктерді қосқанда), ал осындай реттеу нәтижесіз болғанда немесе осындай реттеу барысында мүдделер дауларды анықталған жағдайда осы даулар жоғары тұрған органға реттеу үшін жолданады.
4. Биржалық кеңестің бақылауындағы, корпоративтік дауларды реттеу мақсатында ол өз мүшелерінің және басқа тұлғалар қатарынан, әдеттегідей, Биржаның тәуелсіз директоры басқаратын, тұрақты немесе уақытша комиссияны құруға құқылы.
5. Биржа Президенті, Биржа Басқармасы, Биржалық кеңес немесе Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы, бақылауындағы корпоративтік дауларды қарастыра отырып, барынша объективті болуға, осы баптың 1 тармағында айтылған, принциптерді сақтауға, және осы дау-дамайды реттеу жаңа дауларды тудырмауына тырысуға міндетті.

6. Биржа Президенті, немесе Биржа Басқармасы, немесе Биржалық кеңес, осы даулар мәнін толық түсінбесе немесе осы дауды реттей алмаса, әдеттегідей, Биржа акционерлері арасындағы корпоративтік даулар реттеуден тартынуы тиіс.

Президент

А.М. Жолдасбеков